

«Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері және оны дамытудың басым бағыттары туралы» мәселесі бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«04» ақпан 2025ж.

«Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері және оны дамытудың басым бағыттары» туралы есеп Ғылыми кеңесте тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- Университеттің ҒЗЖ қаржыландыру көлемі ұлғайып, 788,4 (142,4 – 2023 ж.) млн. теңгені құрады, оның ішінде ҚР ҒжЖБМ гранттық қаржыландыру көлемі 356,5 млн. (127,5 – 2023 ж.) млн. теңге және ҚР ҒжЖБМ бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру көлемі 410,9 млн. теңге;

- 2024 ж. жалпы сомасы 782,4 млн. теңгеден астам қаржыға ҚР ҒжЖБМ гранттық қаржыландыруы аясында 15 жоба және ҚР ҒжЖБМ бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында 7 бағдарлама, 15 млн теңгеге университет қаржыландыратын ғылыми бөлімшелерде 8 жоба және халықаралық Horizon 2020 2 жобасы орындалуда;

- 2024 ж. ҚР ҒжЖБМ Ғылым комитеті жариялаған ГҚ, БНҚ және коммерцияландыруға арналған 8 конкурсқа 64 өтінім (47 – 2023 ж.) берілді;

- «Jas galym – 2024» конкурсы нәтижесінде 15 млн. теңгеге 8 жоба орындалды;

- Ғылыми жарияланымдардың дәйексөзділігі Хирш индексінің өсуімен сипатталады: 266 штаттық ПОҚ ішінен 169 зерттеушінің Web of Science және Scopus базаларында нөлдік емес Хирш индексі бар (2023 ж. – 163 ғалым). Хирштің жиынтық индексі аталған базаларда 374-ке жетті (2023 ж. – 294).

- Зияткерлік меншік құқығын растайтын құжаттар саны жоспар бойынша орындалды: патент – 6, авторлық куәліктер – 99 (2023 ж. – 4 патент, 105 авторлық куәлік).

Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің қорытындысы бойынша **Ғылыми кеңестің шешімі:**

Университеттің 2024 жылғы ғылыми-зерттеу қызметінің қорытындысы «қанағаттанарлық» деп есептелсін.

1. ҚР ҒжЖБМ гранттық қаржыландыру және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру конкурстарына кемінде 70 өтінім беру қамтамасыз етілсін (жауаптылар: факультет декандары, БжӘҒЗИ директоры, ҒжКД директоры; орындалу мерзімі: жыл бойы);

2. Жарияланымдық белсенділікті ынталандыру және Хирш индексінің өсуін қамтамасыз ету үшін ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу қызметін рейтингтік бағалау жүйесі енгізілсін; ПОҚ-тың ғылыми-зерттеу қызметін бағалау ережесін әзірлеп, 2025 жылы рейтинг жүзеге асырылсын (жауаптылар: факультет декандары, БжӘҒЗИ директоры, ҒжКД директоры; орындалу мерзімі: жыл бойы);

3. Университеттің даму бағдарламасының 2025 жылғы көрсеткіштеріне және Ұлттық рейтинг көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жол картасы жасалсын және ондағы іс-шаралардың жүзеге асырылуы қамтамасыз етілсін:

8. Биотехнология және экология ғылыми-зерттеу институты, ғылыми орталықтар мен зертханалардың ғылыми-зерттеу жұмысының есебі Ғылыми кеңесте тыңдалсын (жауаптылар: БЖЭҒЗИ директоры, ғылыми орталық меңгерушілері, зертхана меңгерушілері; орындалу мерзімі: 30.06.2025ж.).

Г. Шукенай

«2024-2025 оқу жылының қысқы сессия қорытындыларын талдау» мәселесі
бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«04» ақпан 2025 ж.

Бакалавриат, магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша күндізгі (мектептен кейін) және жеделдетілген күндізгі (ТЖКБ негізінде) оқу нысандары білім алушыларының қысқы емтихан сессиясы университеттің білім беру бағдарламаларының академиялық күнтізбелеріне сәйкес белгіленген мерзімде өтті.

Күндізгі нысандағы 1-4 курс білім алушыларының жалпы саны - 4204. Оның ішінде 3595 білім алушы барлық пәндер бойынша сессияны сәтті тапсырды; 20 білім алушы шетелде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқиды; 589 білім алушы академиялық кезеңде оқу бағдарламасын орындамады; оның ішінде 228 білім алушы қорытынды аралық рейтинг бойынша жіберілмеді; 361 білім алушы "Ғ-қанағаттанарлықсыз" (қайта тапсыру құқығынсыз) бағасын алды;

Абсолютті үлгерім 85,5% құрады; білім сапасы – 61,2%.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша (магистратура: бейіндік, ғылыми-педагогикалық (1, 2 курс); докторантура (1-курс) 488 білімгер оқиды. Ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша магистратурада білім сапасы – 79,2%; бейіндік бағыты бойынша магистратурада білім сапасы – 96,1%; докторантурада (1-курс) білім сапасы – 100%.

«2024-2025 оқу жылының қысқы сессия қорытындыларын талдау» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру бойынша білім берудің барлық нысандары мен деңгейлері бойынша оқитын білім алушылармен жұмыс жүргізілсін (жауапты: факультет декандары; комплеанс-офицер, тіркеу офисі; орындалу мерзімі: 2024-2025 оқу жылы бойы).

2. Бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша емтихандардың барлық нысандары бойынша емтихан материалын әзірлеу сапасы қамтамасыз етілсін (жауапты: факультеттердің академиялық комитеттері; орындалу мерзімі: 20.04.2025ж.).

3. Білім берудің барлық нысандары мен деңгейлері бойынша білім алушылардың білімін ағымдық және аралық бақылау үшін тапсырмалар әзірлеу сапасы қамтамасыз етілсін (жауапты: кафедра меңгерушілері, орындалу мерзімі: 2024-2025 оқу жылы бойы).

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор В. Таубаевқа жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.Бурибаев

Г.Шүкенай

«Факультеттерде академиялық ұтқырлық бағдарламаларының іске асырылуы» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«04» ақпан 2024 ж.

«Факультеттерде академиялық ұтқырлық бағдарламаларының іске асырылуы» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Университеттегі академиялық ұтқырлық бағдарламасы екі жолмен жүзеге асырылады: шетелдік және қазақстандық ғалымдарды оқытушылық қызметке тарту және білім алушылардың академиялық ұтқырлығы.

2024-2025 оқу жылында университетте академиялық ұтқырлықты іске асырудың 4 жоспар-кестесі бекітілген: республикалық бюджет қаражаты есебінен шетелдік ғалымдарды оқытушылық қызметке тарту; университеттің бюджеттен тыс қаражатынан сыртқы виртуалды академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде шетелдік ғалымдарды оқытушылық қызметке тарту; университеттің бюджеттен тыс қаражатынан ішкі виртуалды академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде қазақстандық ғалымдарды оқытушылық қызметке тарту; академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде профессор - оқытушылар құрамымен алмасуды (өтеусіз негізде) іске асыру жөніндегі жоспар-кестесі.

2024 жылы республикалық бюджет қаражаты есебінен университетке 10 шетелдік ғалым тартылды. Университеттің бюджеттен тыс қаражатынан сыртқы виртуалды академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 11 ғалым, ал университеттің бюджеттен тыс қаражатынан ішкі виртуалды академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 15 ғалым тартылды.

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы республикалық бюджет қаражатынан, университеттің бюджеттен тыс қаражаты және білім алушылардың өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2024-2025 оқу жылының бірінші семестрінде республикалық бюджет есебінен 10 білім алушы шетелдік университетте оқыса, екінші семестрінде 13 студент университеттің бюджеттен тыс қаражаты және білім алушылардың өз қаражаты есебінен білім алып жатыр. Сонымен қатар, қазақстандық жоғары оқу орындарында 12 студент білім алуда.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде қазақстандық жоғары оқу орындарынан 43 студент академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында білім алуда.

«Факультеттерде академиялық ұтқырлық бағдарламаларының іске асырылуы» мәселесі бойынша **Ғылыми Кеңес шешімі:**

1. Білім алушылардың сыртқы кіріс академиялық ұтқырлығы жандандырылсын (жауаптылар: факультет декандары, халықаралық ынтымақтастық орталығы; орындалу мерзімі: 2025-2026 оқу жылы).

2. Шетелдік университеттермен академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыруды дамыту мақсатында білім алушылар мен профессор-

оқытушылар құрамының ағылшын тілін меңгеру деңгейін дамыту – әр факультеттен кем дегенде 10 білім алушы мен 2 оқытушы дайындалсын (жауаптылар: факультет декандары, құзыреттілік және қосымша білім беру орталығы, халықаралық ынтымақтастық орталығы; орындалу мерзімі: 2024-2025 оқу жылы).

3. Білім алушылардың ішкі шығыс академиялық ұтқырлығы дамытылсын (жауаптылар: факультет декандары, халықаралық ынтымақтастық орталығы; орындалу мерзімі: 2025-2026 оқу жылы).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор А. Бахтауловаға жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай

**«Педагогика және психология факультетінің есебі» мәселесі бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ**

«04» ақпан 2025 ж.

«Педагогика және психология факультетінің есебі» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

- Педагогика және психология факультетінде бакалавриат бойынша 7, магистратура бойынша 5 және докторантура бойынша 2 білім беру бағдарламасы бар. Осы білім беру бағдарламаларын қамтамасыз ететін Оқыту және тәрбиелеу әдістемелері мен Педагогика және психология кафедралары, 3 оқу зертханасы және инклюзивті білім беру кабинеті бар.

- факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми дәрежесінің көрсеткіші – 51 %.

- «Атамекен» ҰКП ЖОО Білім беру бағдаламаларының рейтингісі бойынша 3 білім беру бағдарламасы ондық қатарында.

- 2023-2024 оқу жылында бакалавр түлектердің жұмысқа орналасу үлесі 94 % құрайды.

- ПОҚ сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық аясында 2024-2025 оқу жылында 2 шетелдік ғалымның, 3 отандық ғалымның сабақ өткізуі жоспарланған.

- білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы бойынша жұмыстар жүргізілуде: 2024-2025 оқу жылының 1-жартыжылдығында факультет білімгерлері Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінен білім алды. Арабаев атындағы Қырғызстан мемлекеттік университетінен келген 12 докторант ғылыми тағлымдамадан өтті. 2-жартыжылдықта факультет академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Шәкәрім университеті, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті білімгерлерін қабылдады.

- факультетте «Инсайт» ғылыми қоғамы және 4 ғылыми үйірме қызмет етеді. Факультет студенттері аймақтық, республикалық, халықаралық ғылыми-зерттеу жобалары, конкурстары мен олимпиадаға белсенді қатысуда.

- факультетте 1 ынталы ғылыми жоба, ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыру аясында 2 ғылыми жоба, бағдарламалық-мақсаттық гранттық қаржыландыру аясында 1 ғылыми жоба жүзеге асырылуда.

- «Болашақ» бағдарламасы бойынша 1 оқытушы Иллинойс университетінде (Чикаго, АҚШ) «500 ғалым» тағылымдамасынан өтуде.

- Педагогика және психология факультетінде тәрбие жұмысы жеті бағыт бойынша жүргізілуде.

**«Педагогика және психология факультетінің есебі» мәселесі бойынша
Ғылыми Кеңес шешімі:**

1. Талапкерлер санын арттыру мақсатында Мансап және жұмысқа орналастыру орталығымен бірлесіп облыс, қала, аудан мектептері және колледждерде кәсіптік бағдар беру жұмыстары бойынша іс-шаралар өткізілсін (жауаптылар: декан, кафедра меңгерушілері, мансап және жұмысқа орналастыру орталығы қызметкерлері; орындалу мерзімі: 2024-2025 оқу жылы).

2. Факультет ПОҚ және студент, магистрант, докторанттарының ғылыми-зерттеу қызметін дамыту мақсатында халықаралық, республикалық жобалар мен конкурстарға қатыстыру және халықаралық рецензияланатын журналдарда мақала жариялау саны арттырылсын (жауаптылар: деканның ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары, профессор-оқытушылар құрамы, орындалу мерзімі: 01.12.2025 ж.).

3. Факультетте студенттердің сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуы арттырылсын (жауаптылар: кафедра меңгерушілері, халықаралық ынтымақтастық орталығының мамандары, орындалу мерзімі: 2024-2025 оқу жылы).

4. Көптілді білім беру бағдарламаларында ағылшын тілінде дәріс оқитын профессор-оқытушылар құрамының саны арттырылсын, IELTS сертификаты алынсын (жауаптылар: декан, кафедра меңгерушілері, орындалу мерзімі: 30.06.2025 ж. дейін).

5. Көптілді білім алатын студенттерді ағылшын тілі курстарына тарту жұмыстары жетілдірілсін (жауаптылар: деканның оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, топ эвайзерлері, орындалу мерзімі: 30.05.2025 ж.).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау педагогика және психология факультетінің деканы Е.Хаймулдановқа жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е. Бурибаев

Г. Шүкенай